

# **EBSOCKET ХАТТАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ NODE.JS ОРТАСЫНДА REALTIME ЖӘНЕ АСИНХРОНДЫ АҚПАРАТ АЛМАСУ МҮМКІНДІГІМЕН ҚОСЫМША ӘЗІРЛЕУ**

**Сансызбай Нұрболат Қанатұлы**

nurbolatsnk@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ ЕТБҚ мамандығының 1-курс магистранты, Нұр-Сұлтан қ.,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - ф.-м.ғ.к., профессор Д.Ж. Сатыбалдина

Жіберілетін ақпарат көлемінің геометриялық прогрессиямен өсуі, IoT сенсорларының өндеу құрылғыларына ақпаратты үздіксіз жіберуі, machine learning кластерлеріне актуалды ақпараттың дереу жеткізілуі, сервер – клиент арақатынасында realtime байланыс орнатуды талап етеді.


Қазіргі таңда сервер-клиент арасында realtime байланыс орнатудың келесідей әдістері бар:

1. **Short pooling:** HTTP протоколы негізінде арнайы уақыт аралығында серверге сұратымдар жіберу. Мыслалы: Ajax, axios.

2. **Long pooling:** HTTP протоколы негізінде жасалынған сұратылым бойынша орнатылған байланыстың сервер тоқтатпай, жаңа ақпарат келмегенше үзбейді.

3. **WebSocket:** WebSocket протоколы негізінде сервер-клиент арасында толыққанды асинхронды ақпарат алмасуға мүмкіндік береді.

Дәстүрлі HTTP хаттамасы жасанды realtime байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Алайда, мұндай байланыс, сұратымдардың санының өсуімен қатар сервер құрылғысының қуаттылығын арттыруды талап етеді. Мысал ретінде, тестілеу мақсатында, nodejs ортасында екі web қосымша құрылды: бірінші – http хаттамасы негізінде сұратымдар қабылдау интерфейсімен(REST), екінші – Websocket хаттамасы негізінде сұратымдар қабылдау интерфейсімен. Бір уақытта бірнеше сұратым жіберу үшін Postman бағдарламасы қолданылды.



*Cүрөт 1 – HTTP және Websocket хаттамаларын сұратым санына байланысты жауап беру уақытын тестілеу*

Тестілеу нәтижесіне сәйкес, желінің әсер ету факторларын есептемегендеге websocket, http хаттамасымен салыстырғанда ~10 есе эффективтілікті көрсетті. Websocket хаттамасының жоғарыда айтылған артықшылықтарынан басқа келесідей мүмкіндіктерін атап айтуға болады:

- **Bi-directional:** HTTP клиенттің сұратымымен байланыс орнатылатын бір бағытты хаттама. Websocket екібағытты және ақпарат алмасуда үлгі бойынша жіберуді талап етпейді.
- **Full-duplex:** HTTP серверге өздігінен клиентке ақпарат жіберуге мүмкіндік бермейді, ал websocket тәуелсіз сұратылымсыз серверден клиентке ақпарат жіберуді мүмкін етеді.
- **TCP-connection:** HTTP және Websocket хаттамалары tcp байланысы қолданады және OSI моделі бойынша екеуі де Application деңгейінде жұмыс жасайды. Алайда, http жауап жібергеннен кейін байланысты үзеді. Бұл жағдайда әрбір сұратым үшін жаңа TCP байланыс ашады.
- **Женіл:** Websocket хаттамасында ақпарат жіберуде алдын ала белгіленген үлгінің(pattern) жоқтығы, тек құнды ақпаратты ғана жіберуге және жіберу форматын бағадарламалаушының өзі таңдауына мүмкіндік береді. Мысалы, HTTP хаттамасының тым көп ақпарат жіберетінің келесі 2-ші суреттегі Header хатынын көргө болады.

```
80 '0.0.0.0'
{"host":"localhost","connection":"keep-alive","upgrade-insecure-requests":"1","user-agent":"Mozilla/5.0 (Macintosh; Intel Mac OS X 10_14_0) AppleWebKit/537.36 (KHTML, like Gecko) Chrome/73.0.3683.86 Safari/537.36","accept":"text/html,application/xhtml+xml,application/xml;q=0.9,image/webp,image/apng,*/*;q=0.8,application/signed-exchange;v=b3","accept-encoding":"gzip, deflate, br","accept-language":"en-US,en;q=0.9"}
```

*Cүрөт 2 – Серверге жіберілген сұратымның header бөлігі*


Біздің қосымшамыз, қозғалмалы объектілердің геопозициясын realtime мүмкіндігімен бақылау және дерекқорда сақтау. Қосымша құру екі бөліктен тұрады. Біріншісі, Backend-серверлік бөлік, келесідей құралдар мен кітапханаларды қамтиды: nodejs, express-framework, socket.io, mongoDB. Екіншісі, Frontend яғни клиенттік бөлік келесідей: flutter-framework, socket.io-client.

Flutter - бір кодалық базада жазылған қосымшаны ios және android платформаларына орнатуға мүмкіндік беретін, google компаниясымен жасалынған 2018 жылғы framework. Flutter-ды таңдаудағы басты себебіміз, жазылған қосымшаның әмбебаптылығы, виртуалды эмуляторлардың қолжетімділігі және кодты жазу жылдамдығы.

Nodejs – javascript тілінде жазылған кодты серверде орындау мүмкіндігі бар орта. Nodejs асинхронды бағдарламалау стилін ұстанады. Және кодты паралелльді емес, тізбектей орындаиды. Бұндай қасиеті оперативті жадыны тиімді қолдануға, сұратымдардарды жылдам өндеуге ықпал етеді.

Қосымшаның дереккоры ретінде NOSQL MongoDB таңдалынды. Сақталынған ақпаратты realtime алуға және дереккорды горизантальды өсіруге мүмкіндігі кең болғандықтан біздің қосымшамыз үшін таптырмас шешім.

Қосымшамызың жалпы архитектурасын 3-ші суреттен көруге болады.



Сурет 3 – Геопозицияны бақылауға арналған қосымшаның архитектурасы

## Корытынды

Қосымшамыз, клиент-сервер арасында websocket хаттамасын қолдану арқылы асинхронды және realtime ақпарат алмаса алады. Мұнымен қоса, MongoDB дереккорының 4-ші нұсқасы қолданылып, кіріктірілген change streams технологиясының арқасында жүйе толықтай асихронды және realtime мүмкіндігіне ие болды.

## Колданылған әдебиеттер тізімі

1. Azat Mardan. Practical Node.js, Building Real-World Scalable Web Apps, second edition. Apress. 2018
2. Basarat Ali Syed. Beginning Nodejs. Apress. 2014
3. Socket.io ресми сайты. “Documentation”[Электронды ресурс] <https://socket.io/docs/>
4. Medium ресми сайты. “What are websockets?” [Электронды ресурс] <https://medium.com/front-end-weekly/what-are-websockets-7bf0e2e1af2>